

## Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек-балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 442 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 қазанда № 3841 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 20 тамыздағы № 404 қаулысымен

**РҚАО ескертпесі:**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 20.08.2013 № 404 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген, "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін тоқсан сайын әр балаға сегіз есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.
2. "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып анықталсын.
3. Әлеуметтік көмек тиісті оқу жылының ішінде тағайындалатыны белгіленсін.
4. Әлеуметтік көмек төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмекті тұтынушының банктік шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылады.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.Ж. Мәметековке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Қала әкімі*

*Б. Әбдіғалиұлы*

КЕЛІСІЛДІ:

"Арқалық қаласы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ К. Омарова

Арқалық қаласы әкімдігінің қаржы  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі  
бастығының міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ А. Көбеков

"Арқалық қаласы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік жоспарлау  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Н. Гайдаренко